«Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»

Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	133 878 051,78 тг.
Кіші бағдарлама: *105 «Трансшекаралық суды тиімді пайдалану және қорғау, су қарым-қатынастарын реттеу мәсселелері жөнінде шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2022 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	49 893 000, 00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консалтингтік қызметтерге ақы төлеу»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: *«ХАҚҚ ҚР-дағы АД» ҚҚ*	а) жылдың басынан:	21 257 354,00 тг
	б) есептік ай бойынша:	3 914 014,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2022 жылғы маусым айына

Мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 83 шартқа 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 3 қосымша келісім бойынша

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының
Қазақстан Республикасындағы
Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қоры
Директоры Б.К.Бекниязов

_____

2022 жылғы 24 маусым

Алматы қ.

Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

2022 жылғы маусым айына

Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі – ХСБО*) 2022 жылға арналған келісілген Жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс-шаралар орындалды.

1. «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасын орындау

Есепті кезеңде «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасының (*бұдан әрі – жоба*) сарапшылар тобымен жобаны аяқтау қорытындылары бойынша жинақталған баяндаманы дайындау және редакциялау бойынша жұмыс жүргізілді.

Осылай, 2022 жылғы 3 маусымда ХСБО онлайн режимде жобаның редакторлық тобының жұмыс кездесуін өткізді, оған жобаның консультанттары мен БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының (*БҰҰ ЕЭК*) екі Конвенциясы – Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі конвенция және Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция (*бұдан әрі – Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция*) хатшылықтарының өкілдері қатысты. Редакторлық топ қорытынды баяндаманың бөлімдерін, соның ішінде Сырдария өзені бассейніндегі су ресурстарының сапасын реттеу жүйесінің сипаттамасын, елдердегі су ресурстары сапасының мониторингі жүйесінің шолуын, Сырдария өзенінің ластану көздерінің сипаттамасын, қалдық қоймаларын түгендеу және ластану қаупін бағалауды, өнеркәсіптік көздерден авариялық ластану мысалдарын, Сырдария өзенінің ластанудың алдын алу бойынша қабылданған және жоспарланған шаралар мен ұсынымдарды егжей-тегжейлі талқылады. Қорытынды баяндама ұлттық сарапшылар А.Бейбітова мен Е. Елекеевтің (Қазақстан), Т. Неронова мен И. Торгоевтің (Қырғызстан), Д. Абдушукуров мен Ф. Шариповтың (Тәжікстан), Г. Шукуров мен О. Касимовтың (Өзбекстан) есептерінде консультанттар П.Мардист мен Э.Оролбаевтың қатысуларындағы ауқымды материалдар негізінде дайындалды.

Жоба бойынша қорытынды баяндаманың соңғы нұсқасын 2022 жылғы 5 шілдеге жоспарланған жоба сарапшыларының техникалық кеңесінде талқылау және келісу жоспарлануда. Кеңес нәтижелері бойынша қорытынды баяндама БҰҰ ЕЭК-ке ұсынылатын болады.

Жоба нәтижелері мен ұсыныстар ағымдағы жылдың 4-ші тоқсанында Өзбекстанда өткізілетін Сырдария трансшекаралық өзені суларының сапасы

мәселелері жөніндегі Қазақстан-Өзбекстан бірлескен жұмыс тобының бесінші отырысында ұсынылады деп жоспарлануда.

Жоба Еуропалық Одақ пен Орталық Азияның су ресурстары, қоршаған орта және климаттың өзгеруі саласындағы ынтымақтастық бағдарламасы (WECOOP) шеңберінде су саясаты бойынша ұлттық диалогтарды қолдау бойынша Еуропалық Одақтың су бастамасының құрауышы аясында орындалды. БҰҰ ЕЭК тарапынан жобаны А. Белокуров, К.Камке мен К.Нечунаеваның қатысуымен басқарды. Жобаның ұлттық сарапшылары мен консультанттарының жұмыстарын үйлестіруді Ж.Маутанова мен К.Жәкен (ХСБО) жүзеге асырды.

2. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау, жұмыс органдарының (Бюроның, Су ресурстарын ықпалдастыра басқару жөніндегі жұмыс тобының, Мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының, Су және климат жөніндегі нысаналы топтың, Судың, энергия мен азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топтың) отырыстарына және Конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

2.1. Су ресурстарын кешенді басқару жөніндегі жұмыс тобы мен мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының төртінші бірлескен отырысына қатысуға дайындық туралы

2022 жылғы 14 маусымда ХСБО Трансшекаралық сулар бойынша конвенция Хатшылығының өкілдерімен онлайн режимінде жұмыс кеңесін өткізді. Кездесуде қазақстандық делегацияның су ресурстарын кешенді басқару жөніндегі жұмыс тобы мен мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының төртінші бірлескен отырысына, сондай-ақ 2022 жылғы 28-30 маусым аралығында Эстония, Таллин қаласында өтетін Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияның 30 жылдығына арналған арнайы іс-шараға қатысуына дайындық мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, ХСБО кеңес жұмысына қазақстандық делегацияның қатысуына жәрдемдесетін уағдаластыққа қол жеткізілді.

2.2. Суға және санитарияға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік семинар туралы

2022 жылғы 13-14 маусым аралығында Швейцарияның Женева қаласында «Саясаттағы жаңа өзгерістер, covid-19 салдары және қолжетімділікті қамтамасыз ету нұсқалары» тақырыбында су мен санитарияға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша өңірлік семинар өтті.

Семинарды Франция және Венгрия үкіметтерімен ынтымақтастықта трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция және су және денсаулық мәселелері жөніндегі Хаттама Хатшылықтары аралас форматта ұйымдастырды.

Семинар жұмысына БҰҰ ЕЭК елдерінен су мен санитарияға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысатын қоршаған ортаны қорғау, білім

беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және қаржы саласындағы сарапшылар, сондай-ақ даму жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдардың, донорлардың, ғылыми топтардың және азаматтық қоғамның өкілдері қатысты. ХСБО қызметкерлері конференцияға онлайн режимінде қатысты, сондай-ақ Женева қаласында өткен семинарға ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті өкілінің қатысуына көмек көрсетті.

Семинар барысында су мен санитарияға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған саясаттағы жаңа өзгерістерді көрсететін бірқатар тақырыптық зерттеулер ұсынылды. Қатысушы елдер covid-19 контекстінде сумен жабдықтау, санитария және гигиена саласындағы қабылданған шаралар туралы ақпаратпен бөлісті. Кеңес туралы толық ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *1-қосымша - Суға және санитарияға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік семинар туралы ақпарат.*

3. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның 30 жылдығына арналған кеңеске қатысуға дайындық

ХСБО есепті кезеңінде 28-30 маусым аралығында Таллин қаласында өтетін су ресурстарын кешенді басқару жөніндегі жұмыс тобы мен мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының бірлескен төртінші отырысының жұмысына, сондай-ақ Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияның 30 жылдығына арналған арнайы іс-шараға қазақстандық тараптың қатысуы бойынша материалдар зерделенді және ұсыныстар дайындалды, Эстония. Атап айтқанда, іс-шаралардың күн тәртібі мен бағдарламасы талданды, анықтамалық ақпарат дайындалды. *2-қосымша - Трансшекаралық сулар бойынша конвенцияның жұмыс топтарының төртінші бірлескен отырысы және Конвенцияның 30 жылдығы жөніндегі арнайы іс-шара бойынша анықтамалық ақпарат.*

Күн тәртібі бойынша қазақстандық делегацияның «су ресурстарын барлық деңгейлерде басқарудың кешенді және секторaралық тәсілін көтермелеу» 7-сессиясының мәселелері бойынша – «су–азық–түлік-энергия-экожүйелер» өзара қатынастар жүйесі негізінде тәсілді қолдану арқылы секторaралық диалог пен бағалауды қолдау туралы және ЕО Су бастамасы шеңберінде су ресурстарын кешенді басқару саласындағы саясат мәселелері бойынша ұлттық диалогтарды қолдау туралы сөз сөйлеуі көзделеді.

ХСБО 2022 жылғы 29 маусымда Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияның жұмыс топтарының отырысында өзінің 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасының орындалу барысы туралы ақпарат береді. ХСБО сондай-ақ Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияның жұмыс топтарының төртінші бірлескен отырысының күн тәртібінің тармақтары бойынша, сондай-ақ трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция Бюросының алдыңғы төрағаларының Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция

тарихының 30 жылы ішіндегі сөз сөйлеуіне арналған арнайы сессияда қазақстандық делегацияның сөз сөйлеуінің жобаларын дайындауға жәрдем көрсетеді және қатысады. Сөз сөйлеу жобалары ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қарауына енгізілетін болады.

4. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция Бюросы Төрағасы орынбасарының Бюро отырыстарына және басқа да іс-шараларға қатысуын дайындауға көмек көрсету

Есептік кезеңде Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Бюросы Төрағасының Орынбасары, ҚР ЭГТРМ Экологиялық саясат және тұрақты даму департаментінің Директоры А.Р. Ширановтың Бюро отырыстарына және басқа да іс-шараларға қатысуы жоспарланбаған.

5. Орталық Азиядағы трансшекаралық су объектілерін пайдалану және қорғау мәселелері бойынша Еуропалық Одақтың жобаларына талдау дайындауға жәрдемдесу және жобалар бойынша ұсыныстар әзірлеу

Есеп беру кезеңінде ХСБО Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақпен (ЕО) Орталық Азиядағы су ресурстарын басқару, пайдалану және қорғау мәселелері жөніндегі ынтымақтастығын зерделеу бойынша тереңдетілген талдамалық жұмыс жүргізді. Талдамалық баяндама дайындалды, онда ЕО жаңа стратегиясы, Орталық Азияға арналған су-энергетикалық бағдарлама (CAWEP), қоршаған орта және су ресурстары саласындағы ынтымақтастық бойынша ЕО-Орталық Азия платформасы және т. б. шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелері қаралды. Талдамалық баяндама қоса беріледі. *3-қосымша - Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақпен (ЕО) ОА-да су ресурстарын басқару, пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастығы жөніндегі талдамалық баяндама.*

6. Трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша, оның ішінде трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға су және денсаулық проблемалары жөніндегі Хаттама бойынша талдамалық-ақпараттық материалдарды дайындауда Қазақстанның мемлекеттік органдарына жәрдемдесу

Есепті кезеңде ХСБО мынадай талдамалық-ақпараттық материалдарды дайындау бойынша жұмыс жүргізді:

1) экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-словак үкіметаралық комиссиясы отырысының 9-хаттамасын орындау үшін словак тарапымен су ресурстары саласындағы ынтымақтастық жөнінде есептік ақпарат дайындалды. Ақпарат ҚР ЭГТРМ ТӨД қарауына енгізілді, қоса беріліп отыр. *4 – қосымша-су ресурстары саласындағы словак тарапымен ынтымақтастық жөніндегі ақпарат.*

2) 2018-2028 жж. «Тұрақты дамуға арналған су» іс-қимылының халықаралық онжылдығы бойынша жоғары деңгейдегі екінші Душанбе халықаралық конференциясына (2022 жылғы 6-9 маусым, Душанбе қ., Тәжікстан) дайындық жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, конференцияда ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің сөз сөйлеуі жобасына ұсыныстар дайындауға қатысты. Ұсыныстар ҚР ЭГТРМ-не жіберілді, қоса беріліп отыр. *5–қосымша - Душанбе конференциясында сөз сөйлеу жобасына ұсыныс.* Сондай-ақ, 2022 жылғы 6 маусымда Душанбе қаласында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысы Ольга Алгаеровамен әңгімелесуіне ақпарат пен ұсыныстар дайындауға қатысты. *6 - қосымша-2022 жылғы 6 маусымда БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысымен кездесуге ұсыныс*

3) Орталық Азия елдері үшін трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі басшылықты қолдану жөніндегі өңірлік семинарды өткізуге қатысты Финляндияның ауыл және орман шаруашылығы министрлігіне жауап хатқа ұсыныс дайындалды. Ұсыныс ҚР ЭГТРМ-не жіберілді, қоса беріліп отыр. *7-қосымша-Орталық Азия үшін трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі өңірлік семинарға қатысты ұсыныс.*

7. Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде және әлемнің басқа да өңірлерінде ұйымдастырылатын трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларға қатысу (Дүниежүзілік су форумы, Дүниежүзілік су апталығы және басқалар)

2022 жылғы 6-9 маусым аралығында 2018-2028 жж. «Тұрақты дамуға арналған су» іс-қимылдардың халықаралық онжылдығы шеңберінде «жергілікті, ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлерде су мәселелерін шешу үшін іс-қимылдарды нығайту және әріптестікті кеңейту» атты Жоғары деңгейдегі екінші халықаралық конференция өтті.

Конференция Тәжікстанның Душанбе қаласында аралас офлайн және онлайн форматта өтті. Оған 75 елден Мемлекеттік органдардың, ғылыми институттардың, жеке сектордың және БҰҰ құрылымдарын қоса алғанда, 100-ден астам халықаралық және өңірлік ұйымдардың, қаржы институттары мен бассейндік ұйымдардың ресми делегациялары қатысты. ХСБО қызметкерлері конференцияға онлайн режимінде қатысты.

Конференцияның мақсаты іс-әрекеттің онжылдығының бірінші Душанбе конференциясының қорытынды декларациясында көрсетілген іс-шаралар мен іс-әрекеттер туралы жаңартылған ақпарат беру, халықаралық деңгейде келісілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды жеделдету, ғылыми негізделген шешімдер мен құралдарды ілгерілету, диалогты, серіктестікті және секторaралық тәсілдерді ынталандыру арқылы әртүрлі деңгейдегі ынтымақтастықты нығайту болды.

Конференция жұмысы жоғары деңгейдегі пленарлық отырыс және жергілікті, ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейдегі су ресурстары саласындағы іс-әрекеттер мен серіктестіктерді қамтитын 12 панельдік отырыс

түрінде ұйымдастырылды; ковидтен кейінгі әлемнің сын-қатерлеріне жауап беру үшін су мен денсаулықтың өзара байланысын күшейту; судың тиімділігі мен құндылығы, сумен жабдықтаудың, санитария мен гигиенаның қауіпсіз жағдайлары, трансшекаралық су ынтымақтастығы және басқалар. Сондай-ақ, бес түрлі форум және 10-нан астам қатарлас іс-шаралар өткізілді, оларға өңір мен әлем елдері үкіметтерінің жоғары лауазымды өкілдері, даму жөніндегі серіктестер, сондай-ақ азаматтық қоғам қатысты.

Конференция жұмысының қорытындысы бойынша өткізілген пікірталастардың негізгі сәттерін және бірқатар маңызды қорытындылар мен ұсынымдарды көрсететін Душанбе декларациясы қабылданды. Конференция туралы толығырақ ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. 8-*қосымша – Душанбенің екінші конференциясы туралы ақпарат.*

8. Қаржыландыру

Маусым айындағы қаржыландырудың жалпы сомасы

3 914 014 теңге, оның ішінде:

- - есептелген еңбекақы төлемі – 2 590 650 теңге

(*еңбекақы – 2 336 100, әлеуметтік салық – 148 000, әлеуметтік аударымдар – 54 300, медициналық сақтандыруға аударымдар – 52 250*);

- кеңсені жалға алу – 723 800 теңге;

- қызмет жеткізушілерге– 299 564 теңге;

- үстеме шығыстар - 300 000 теңге – 25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ХАҚҚ ҚР-дағы АД» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) *1-қосымша - Суға және санитарияға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік семинар туралы ақпарат., 1 б.*
2) *2-қосымша -Трансшекаралық сулар бойынша конвенцияның жұмыс топтарының төртінші бірлескен отырысы және Конвенцияның 30 жылдығы жөніндегі арнайы іс-шара бойынша анықтамалық ақпарат, 9 б.*
3) *3-қосымша - Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақпен (ЕО) ОА-да су ресурстарын басқару, пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастығы жөніндегі талдамалық баяндама, 14 б.*
4) *4 – қосымша-су ресурстары саласындағы словак тарапымен ынтымақтастық жөніндегі ақпарат, 3 б.*
5) *5–қосымша - Душанбе конференциясында сөз сөйлеу жобасына ұсыныс, 3 б.*
6) *6 - қосымша-2022 жылғы 6 маусымда БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысымен кездесуге ұсыныс, 6 б.*
7) *7-қосымша-Орталық Азия үшін трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі өңірлік семинарға қатысты ұсыныс, 1 б.*
8) *8-қосымша – Душанбенің екінші конференциясы туралы ақпарат, 5 б.*

Директор **Б. Бекнияз**